

## Қазақстан Республикасының кейбір халықаралық шарттарының күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындау жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрінің өкімі 2002 жылғы 2 тамыз N 117-ө

Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындау процесінде Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының іс-қимылдарын бақылауды күшейту және үйлестіру мақсатында:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының кейбір халықаралық шарттарының күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындау жоспары ( бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары және өзге де мемлекеттік органдары (келісім бойынша) Жоспардың белгіленген мерзімдерде орындалуын қамтамасыз етсін және Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне оның орындалу барысы туралы ақпаратты уақтылы беріп отырсын.

3. Жоспардың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Сыртқы

істер министрлігіне жүктелсін.

4. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2001 жылғы 17 мамырдағы N 36-ө

R 0 1 0 0 3 6 \_

өкімінің күші жойылды деп танылсын.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
2002 жылғы 2 тамыздағы  
N 117 өкімімен  
бекітілген

Қазақстан Республикасының кейбір халықаралық шарттарының күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындау

**ЖОСПАРЫ**

кесімді орган  
уәкілетті  
органға  
енгізу  
мерзімі

---

Екі жақты шарттар

---

1. Қазақстан Республикасы мен Әзірбайжан Республикасы арасында Каспий теңізі түбін шектеу туралы Қазақстан Республикасы мен Әзірбайжан Республикасының арасындағы келісім (Мәскеу, 29.11.01) 2002 жылғы Қазақстан Республикасының IV тоқсан Сыртқы істер министрлігі (бұдан әрі - СІМ)
2. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Беларусь Республикасы Үкіметінің арасындағы Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін Беларусь Республикасы азаматтары мен Беларусь Республикасының аумағында жұмыс істейтін Қазақстан Республикасы азаматтарының еңбек қызметі және оларды әлеуметтік қорғау туралы келісім (Алматы, 23.09.97). Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттама (Астана, 05.10.00) 2002 жылғы Қазақстан Республикасының III тоқсан Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі (бұдан әрі - ЕХҚМ)
3. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Беларусь Республикасы Үкіметінің арасындағы Әуе қатынасы туралы келісім (Алматы, 23.09.97) 2002 жылғы Қазақстан Республикасының III тоқсан Көлік және коммуникациялар министрлігі (бұдан әрі - КҚМ)
4. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Бельгия Корольдігі Үкіметінің арасындағы Әуе қатынасы туралы келісім (Брюссель, 27.06.00) 2002 жылғы КҚМ III тоқсан
5. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Болгария Республикасы Үкіметінің арасындағы олардың сәйкес аумақтары арасындағы және олардан тысқары әуе қатынасы туралы келісім (София, 2002 жылғы КҚМ III тоқсан

15.09.99)

6. Өздері азаматтары болып табылатын мемлекетте жазасын өтеу үшін бас еркінен айырылып сотталған адамдарды бері жіберу туралы Қазақстан Республикасы мен Грузия арасындағы шарт (Тбилиси, 17.09.96) 2002 жылғы Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі (бұдан әрі - ИМ)
7. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Египет Араб Республикасының Үкіметі арасындағы "Нұр-Мүбәрак" ислам мәдениетінің Египет университеті туралы келісім (Алматы, 18.06.01) 2002 жылғы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі - БҒМ)
8. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Египет Араб Республикасының Үкіметі арасындағы Әуе қатынасы туралы келісім (Каир, 11.11.01) 2002 жылғы ҚКМ ІІІ тоқсан
9. Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Иран Ислам Республикасы Үкіметі арасындағы теңіздік сауда кеме қатынасы туралы келісім (Тегеран, 12.05.93) 2002 жылғы ҚКМ ІV тоқсан
10. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Испания Корольдігі Үкіметінің арасындағы жолаушылар мен жүктердің халықаралық автомобиль тасымалы туралы келісім (Мадрид, 30.10.00) 2002 жылғы ҚКМ ІІІ тоқсан
11. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы мұнай және газ саласындағы ынтымақтастық туралы келісім (Алматы, 24.09.97) 2002 жылғы Қазақстан Республикасының ІІІ тоқсан Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі (бұдан әрі - ЭМРМ)
12. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасы Үкіметінің арасындағы трансшекаралық өзендерді пайдалану және қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісім (Астана, 12.09.01) 2002 жылғы Қазақстан Республикасының ІІІ тоқсан Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі

(бұдан әрі -  
ТОҚМ)

13. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен 2002 Қазақстан  
Қытай Халық Республикасының Үкіметі жылғы Республикасының  
арасында табысқа салынатын салықтарға IV тоқсан Қаржы  
қатысты қосарланған салық салуды министрлігі  
болдырмау және салық төлеуден жалтаруға (бұдан әрі -  
жол бермеу туралы келісім ҚарМ)  
(Астана, 12.09.01)
14. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен 2002 ККМ  
Қырғыз Республикасы Үкіметінің жылғы  
арасындағы әуе қозғалысын ұйымдастыру III тоқсан  
мен басқару үшін жауапкершілікті беру  
туралы келісім (Бішкек, 14.12.00)
15. 1999 жылғы 15 қарашадағы Қазақстан 2002 ККМ  
Республикасының Үкіметі мен Қырғыз жылғы  
Республикасы Үкіметінің арасындағы III тоқсан  
Алматы Бішкек бағыты бойынша шекаралық  
өту туралы келісімге толықтыру енгізу  
туралы хаттама (Астана, 31.05.01)
16. Қазақстан Республикасы мен Қырғыз 2002 СІМ  
Республикасы арасындағы шекара жылғы  
ауданындағы сенім шаралары жөніндегі III тоқсан  
келісім (Астана, 15.12.01)
17. Қазақстан Республикасы мен Қырғыз 2002 Қазақстан  
Республикасы арасындағы мемлекеттік жылғы Республикасының  
шекара күзетіндегі ынтымақтастық III тоқсан Ұлттық  
туралы келісім (Астана, 15.12.01) қауіпсіздік  
комитеті  
(бұдан әрі - ҰҚК)  
(келісім бойынша)
18. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен 2002 ҰҚК  
Қырғыз Республикасының Үкіметі жылғы (келісім бойынша)  
арасындағы шекаралық өкілдердің III тоқсан  
қызметі туралы келісім  
(Астана, 15.12.01)
19. Қазақстан Республикасы мен Қырғыз 2002 СІМ  
Республикасы арасындағы қазақстан - жылғы  
қырғыз мемлекеттік шекарасы туралы III тоқсан

шарт (Астана, 15.12.01)		
20. Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Латвия Республикасы Үкіметінің арасындағы әуе қатынасы туралы келісім (Алматы, 19.05.98)	2002 жылғы III тоқсан	ККМ
21. Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Латвия Республикасы Үкіметінің арасындағы транзит тәртібі туралы келісім (Алматы, 19.05.98)	2002 жылғы IV тоқсан	ККМ
22. Қазақстан Республикасы мен Латвия Республикасы арасындағы табыс пен капиталға салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы конвенция + Хаттама (Астана, 06.09.01)	2002 жылғы IV тоқсан	ҚарМ
23. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Латвия Республикасының Үкіметі арасындағы байланыс саласындағы ынтымақтастық туралы келісім (Астана, 06.09.01)	2002 жылғы III тоқсан	ККМ
24. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Нидерланд Корольдігі Үкіметінің арасындағы халықаралық автомобиль қатынасы туралы келісім (Астана, 14.06.00)	2002 жылғы III тоқсан	ККМ
25. Қазақстан Республикасы мен Норвегия Корольдігінің арасындағы Табыс пен капиталға қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы конвенция (Осло, 03.04.01)	2002 жылғы IV тоқсан	ҚарМ
26. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Польша Республикасы Үкіметінің арасындағы әуе қатынасы туралы келісім (Варшава, 21.11.97)	2002 жылғы III тоқсан	ККМ
27. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Польша Республикасы Үкіметінің	2002 жылғы	ККМ

- арасындағы Халықаралық автомобиль тасымалдары туралы келісімнің Атқару хаттамасы (Астана, 30.03.01)
28. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Приозерск қаласының тіршілік қызметін қамтамасыз ету туралы хаттама (Алматы, 04.10.97)
29. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Заңсыз жолмен алынған табыстарды ресмилендіруге (зандастыруға) байланысты қаржылық операциялармен күрес жүргізу саласындағы ынтымақтастық пен өзара көмек туралы келісім (Алматы, 12.10.98)
30. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" ғарыш айлағынан зымырандарды ұшыру кезінде апаттар болған жағдайда өзара іс-қимыл тәртібі туралы келісім (Астана, 18.11.99)
31. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Әуе қорғанысы күштері мен Ресей Федерациясының Әскери әуе күштерінің бірлестіктері мен әскери бөлімдеріне жауынгерлік атыстар өткізу үшін әскери полигондарды өзара беру тәртібі туралы келісім (Астана, 29.07.00)
32. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Ертіс өзенінің бассейнінде қазақстандық және ресейлік кемелермен жүктер мен жолаушылар тасымалын
- IV тоқсан
- 2002 жылғы Қазақстан Республикасының IV тоқсан Денсаулық сақтау министрлігі (бұдан әрі - ДСМ)
- 2002 жылғы Қазақстан Республикасының III тоқсан Қаржы полициясы агенттігі
- 2002 жылғы ЭМРМ IV тоқсан
- 2002 жылғы Қазақстан Республикасының III тоқсан Қорғаныс министрлігі (бұдан әрі - ҚорМ)
- 2002 жылғы ККМ III тоқсан

- ұйымдастыру және оның шарттары туралы келісім (Мәскеу, 05.06.01)
33. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Сингапур Республикасы Үкіметінің арасындағы әуе қатынасы туралы келісім (Сингапур, 29.05.96) 2002 жылғы III тоқсан ККМ
34. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің жанындағы Қару-жарактың қысқартылуын бақылау және инспекциялық қызметті қамтамасыз ету жөніндегі орталық пен АҚШ-тың Ядролық қауіпті кеміту жөніндегі орталығы арасында қорғалған байланыс желісін орнату туралы келісім (Вашингтон 21.12.01) 2002 жылғы IV тоқсан ҚорМ
35. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасы Үкіметінің арасындағы азаматтардың өзара сапарларының шарттарын тәртіпке келтіру туралы келісім (Душанбе, 19.09.01) 2002 жылғы IV тоқсан СІМ
36. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрікменстан Үкіметінің арасындағы кеден істеріндегі ынтымақтастық пен өзара көмек туралы келісім (Астана, 05.07.01) 2002 жылғы III тоқсан Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі (бұдан әрі - МКМ)
37. Жазасын әрі қарай өтеу үшін бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарды беру туралы Қазақстан Республикасы мен Түрікменстан арасындағы шарт (Астана, 05.07.01) 2002 жылғы IV тоқсан ПМ
38. Қазақстан Республикасы мен Түрікменстан арасындағы мемлекеттік шекараны қорғаудағы ынтымақтастық туралы келісім (Астана, 05.07.01) 2002 жылғы IV тоқсан ҰҚК
39. Қазақстан Республикасы мен 2002 СІМ

- Түрікменстанның арасындағы Қазақстан-жылғы  
Түрікменстан мемлекеттік шекарасын IV тоқсан  
делимитациялау және оны демаркациялау  
процесі туралы шарт (Астана, 05.07.01)
40. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен 2002 СІМ  
Түрік Республикасының Үкіметі жылғы  
арасындағы азаматтардың өзара сапарлары IV тоқсан  
тәртібін реттеу туралы келісім  
(Астана, 26.11.01)
41. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен 2002 СІМ  
Түрік Республикасының Үкіметі жылғы  
арасындағы Дипломатиялық өкілдіктер III тоқсан  
ғимараттарының құрылысын салу үшін  
жер учаскелерін өзара беру туралы  
келісім (Анкара, 05.12.01)
42. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен 2002 ҰҚК  
Өзбекстан Республикасының Үкіметі жылғы (келісім бойынша)  
арасындағы шекаралық өкілдерінің III тоқсан  
қызметі туралы келісім (Ташкент,  
13.12.00)
43. Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан 2002 СІМ  
Республикасы арасындағы Қазақстан-өзбек жылғы  
мемлекеттік шекарасы туралы келісім III тоқсан  
(Астана, 16.11.01)
44. Қазақстан Республикасының Үкіметі 2002 ҰҚК  
мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі жылғы (келісім бойынша)  
арасындағы Қазақстан-өзбек мемлекеттік III тоқсан  
шекарасы арқылы өткізу пункттері  
туралы келісім (Астана, 16.11.01)
45. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен 2002 Қазақстан  
Украина Министрлер Кабинетінің жылғы Республикасының  
арасындағы төтенше жағдайлардың алдын III тоқсан Төтенше  
алу және зардаптарын жою саласындағы жағдайлар  
ынтымақтастық туралы келісім жөніндегі  
(Киев, 17.09.99) агенттігі  
(бұдан әрі - ТЖА)
46. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен 2002 ККМ



Чех Республикасы Үкіметінің арасындағы халықаралық автомобиль тасымалдары туралы келісім (Прага, 13.12.99)	жылғы IV тоқсан	
47. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Эстон Республикасы Үкіметінің арасындағы халықаралық автомобиль қатынасы туралы келісім (Астана, 15.06.00)	жылғы III тоқсан	2002 ККМ
48. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Эстон Республикасы Үкіметінің арасындағы темір жол көлігі саласындағы ынтымақтастық туралы келісім (Алматы, 26.04.01)	жылғы III тоқсан	2002 ККМ
49. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Эстон Республикасының Үкіметі арасындағы әуе қатынасы туралы келісім (Алматы, 26.04.01)	жылғы III тоқсан	2002 ККМ

---

Халықаралық ұйымдармен екі жақты шарттар

---

50. Қазақстан Республикасында Еуропалық Қоғамдастықтар Комиссиясының Делегациясын құру және оның артықшылықтары мен иммунитеттері туралы Қазақстан Республикасы мен Еуропалық Қоғамдастықтар Комиссиясының арасындағы келісім (Брюссель, 02.02.93)	жылғы IV тоқсан	2002 СИМ
51. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының Демократиялық институттар және адам құқықтары жөніндегі бюросының арасындағы өзара түсініктік туралы меморандум (Осло, 02.12.98)	жылғы III тоқсан	2002 СИМ
52. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының арасындағы Алматыда Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының орталығын ашу	жылғы III тоқсан	2002 СИМ

жөніндегі өзара түсініктік туралы  
меморандум (Осло, 02.12.98)

---

Аймақтық және көп жақты шарттар

---

- |   |                          |      |
|---|--------------------------|------|
| 53. Азия мен Тынық мұхит аймағында ғарыштық ғылым мен технологиялық білім жөніндегі орталық құру туралы келісім (БҰҰ филиалы) (Нью-Дели, 01.11.95)  | 2002 жылғы<br>III тоқсан | ЭМРМ |
| 54. Транзиттік тасымалдау жөніндегі Экономикалық ынтымақтастық ұйымының шеңберлі келісімі (Алматы, 09.05.98)  | 2002 жылғы<br>III тоқсан | ККМ  |
| 55. Қазақстан Республикасының Үкіметі, Ресей Федерациясының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы Ресейдің "Байқоңыр" ғарыш айлағынан АҚШ лицензиялары бар ғарыш аппараттарын ұшыруға байланысты технологияларды сақтау бойынша шаралар туралы келісім (Мәскеу, 26.01.99) | 2002 жылғы<br>IV тоқсан  | ЭМРМ |
| 56. Мұнай мен газды тасымалдау мемлекетаралық жүйелерін құрудың институционалдық негіздері туралы шеңберлі келісім [ИНОГЕЙТ] (Киев, 22.07.99)   | 2002 жылғы<br>III тоқсан | ЭМРМ |
| 57. "Солтүстік-Оңтүстік" халықаралық көлік дәлізі туралы келісім (Санкт-Петербург, 12.09.00)  | 2002 жылғы<br>III тоқсан | ККМ  |
| 58. Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Өзбекстан Республикасы арасындағы үш мемлекеттің мемлекеттік шекараларының түйісу нүктесі туралы келісім (Шанхай, 15.06.01)  | 2002 жылғы<br>IV тоқсан  | СІМ  |

---

Еуразиялық экономикалық қоғамдастық шеңберіндегі шарттар

---

59. Кеден одағы және Біртұтас экономикалық кеңістік туралы 1999 жылғы 26 ақпандағы шартқа қатысушы мемлекеттердің аумақтарынан шыққан және үшінші елдерге әкететін тауарлардың қайта экспортталуын кедендік бақылау туралы хаттама (Мәскеу, 22.05.01)	2002 жылғы III тоқсан	МКМ
---	-----------------------	-----

---

Орталық Азия қоғамдастығы (ОАҚ) шеңберіндегі шарттар

---

60. Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі және Өзбекстан Республикасы Үкіметінің арасындағы Нарын - Сырдария су қоймалары құламасының су-энергетика ресурстарын 2001 жылы пайдалану туралы хаттама (Бішкек, 20.05.01)	2002 жылғы III тоқсан	ТОҚМ
---	-----------------------	------

---

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) шеңберіндегі шарттар

---

61. Психикалық аурулармен ауыратын адамдарды әрі қарай еріксіз емдеуді жүргізу үшін беру туралы конвенция (Мәскеу, 28.03.97)	2002 жылғы III тоқсан	ДСМ
62. Жұмыстар және жұмысшылар кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын және Қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығын қолдану бойынша ынтымақтастық туралы келісім (Саратов, 13.01.99)	2002 жылғы IV тоқсан	ЕХҚМ
63. Экологиялық мониторинг саласындағы ынтымақтастық туралы келісім (Саратов, 13.01.99)	2002 жылғы III тоқсан	ТОҚМ
64. Жолаушыларды халықаралық автомобиль тасымалдары кезінде міндетті сақтандыру туралы келісім (Саратов, 13.01.99)	2002 жылғы IV тоқсан	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
65. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына	2002	ККМ

катысушы мемлекеттердің автомобиль жолдарымен мемлекетаралық тасымалдауды жүзеге асыратын көлік құралдарының салмағы мен көлемдері туралы келісім (Минск, 04.06.99)	жылғы III тоқсан	
66. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына катысушы мемлекеттердің ақпараттандыру саласында ақпараттық ресурстар мен жүйелерді қалыптастырудағы, мемлекетаралық бағдарламаларды іске асырудағы ынтымақтастығы туралы келісім (Мәскеу, 24.12.99)	2002 жылғы III тоқсан	ККМ
67. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқару комитеті туралы ережені бекіту туралы хаттама (Мәскеу, 21.06.00)*	2002 жылғы IV тоқсан	СІМ
* Күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдердің орындалуы тараптардың заңнамасымен талап етілмеген жағдайда, шарттары қол қойылғаннан кейін күшіне енді көздейтін құжаттар жұлдызшамен белгіленген.		
68. Еркін сауда аймағын құру туралы келісімге катысушы мемлекеттердің импортты лицензиялау ережелері туралы хаттама (Минск, 30.11.00)	2002 жылғы IV тоқсан	Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі
(бұдан әрі - ЭСМ)		
69. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына катысушы мемлекеттердің есірткінің, психотроптық заттардың және прекурсорлардың заңсыз айналымына қарсы күрестегі ынтымақтастығы туралы келісім (Минск, 30.11.00)	2002 жылғы III тоқсан	ӘдМ
70. Радиоэкология, радиациялық қауіпсіздік, радиобиология және аралас ғылымдар бойынша мамандар даярлау саласындағы ынтымақтастық туралы келісім (Минск 30.11.00)*	2002 жылғы III тоқсан	БҒМ
71. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы шеңберінде жасалған көп жақты шарттарды тоқтату туралы хаттама	2002 жылғы III тоқсан	СІМ

(Минск, 01.12.00)

- |   |                       |  |
|---|-----------------------|--|
| 72. ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің 2001-2005 жылдарға арналған мемлекетаралық радионавигациялық бағдарламасы туралы шешім (Мәскеу, 16.03.01)*   | 2002 жылғы IV тоқсан  | ККМ  |
| 73. "Радионавигация" мемлекетаралық консультативтік кеңесін қайта құру туралы шешім (Мәскеу, 16.03.01)*   | 2002 жылғы IV тоқсан  | ККМ  |
| 74. ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің 1993 жылғы 3 қарашадағы жалпы ғылыми-технологиялық кеңістік құру туралы келісіміне өзгерістер енгізу туралы хаттама (Мәскеу, 16.03.01)   | 2002 жылғы IV тоқсан  | БҒМ  |
| 75. 1993 жылғы 23 желтоқсандағы Арнайы байланыс жөнелтімдерімен мемлекетаралық алмасу туралы келісімге және онымен бекітілген Арнайы байланыс жөнелтімдерімен мемлекетаралық алмасу туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттама (Мәскеу, 16.03.01) | 2002 жылғы IV тоқсан  | ККМ  |
| 76. Өсімдіктер сорттарын құқықтық қорғау туралы келісім (Мәскеу, 16.03.01)  | 2002 жылғы III тоқсан | Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі |
| 77. ТМД-ның мемлекетаралық гидрометеорологиялық желісі туралы келісім (Мәскеу, 16.03.01)  | 2002 жылғы IV тоқсан  | ТОҚМ   |
| 78. 1992 жылғы 15 мамырдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа қатысушы мемлекеттердің ұжымдық қауіпсіздік жүйесінің күштері мен құралдарын құру және жұмыс істеу тәртібі туралы хаттама (Ереван, 25.05.01)  | 2002 жылғы IV тоқсан  | ҚорМ   |
| 79. ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің экономика, әскери және гуманитарлық тасымалдар мұқтаждары үшін көлік   | 2002 жылғы IV тоқсан  | ҚорМ   |

коммуникациялары желісін пайдалану мен дамыту туралы келісім (Минск, 31.05.01)

- |   |                          |   |
|---|--------------------------|---|
| 80. ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің халықтары арасындағы йод тапшылығы жай-күйінің алдын алу туралы келісім (Минск, 31.05.01)*   | 2002 жылғы<br>III тоқсан | ДСМ   |
| 81. ТМД-ға қатысушы мемлекеттер аумақтарын санитарлық қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісім (Минск, 31.05.01)*  | 2002 жылғы<br>III тоқсан | ДСМ   |
| 82. ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің компьютерлік ақпарат саласындағы қылмыстарға қарсы күресте ынтымақтастығы туралы келісім (Минск, 01.06.01)   | 2002 жылғы<br>IV тоқсан  | ИМ  |
| 83. Мәдени құндылықтарды әкелу мен әкету туралы келісім (Мәскеу, 28.09.01)  | 2002 жылғы<br>IV тоқсан  | Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі |
| 84. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттерге әкелінетін тауарларға қатысты техникалық, медициналық, фармацевтикалық, санитарлық, ветеринарлық және фитосанитарлық нормаларды, ережелер мен талаптарды қолдану туралы келісім (Мәскеу, 28.09.01) | 2002 жылғы<br>IV тоқсан  | ДСМ   |
| 85. Қауіпті өндірістік объектілерде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы ынтымақтастық туралы келісім (Мәскеу, 28.09.01)   | 2002 жылғы<br>III тоқсан | ТЖА   |
| 86. Зияткерлік меншік объектілері бар тауарлардың кедендік шекара арқылы өтуін кедендік бақылау ережесі туралы шешім (Мәскеу, 28.09.01)   | 2002 жылғы<br>III тоқсан | МКМ   |
| 87. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына   | 2002                     | БҒМ   |

қатысушы мемлекеттерде жоғары оқу орындарының филиалдарын құру және олардың жұмыс істеу тәртібі туралы келісім (Мәскеу, 28.09.01)	жылғы ІІІ тоқсан	
88. Тауарлар мен қызметтердің Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің ұлттық рыноктарына жылжуы үшін ақпараттық-маркетингтік орталықтар желісін құру туралы 2005 жылға дейінгі кезеңге арналған мемлекетаралық бағдарлама туралы шешім (Мәскеу, 29.11.01)	2002 жылғы ІV тоқсан	ККМ
89. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер білім беру мекемелерінің оқыту қызметін лицензиялау, оларды аттестаттау және тіркеу саласындағы жұмыстарды үйлестіру туралы келісім (Мәскеу, 29.11.01)	2002 жылғы ІV тоқсан	БҒМ

Мамандар:

Омарбекова А.Т.

Икебаева А.Ж.